

## Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімін биржалық сатуды кеңейту жөніндегі шаралар туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 25 қаңтар N 89. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.07.28. N 1035 қаулысымен.

Тауар биржаларын сұраныс пен ұсыныстың шоғырлануын қамтамасыз ететін ұйымдастырылған рынок ретінде дамыту, өнім мен тауарға объективті бағалар қалыптастыру, Қазақстан биржаларына шетелдік субъектілерді тарту, республикаға шетелдік валютаның келуін көбейту, Қазақстан банкілерінде ТМД мемлекеттерінің арнайы корреспонденттік есепшоттар ашуын ынталандыру, өнімді экспорттаушылар арасында бәсекелестікті дамыту мен республика бюджетіне түсетін қаражатты ұлғайту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1995 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

осы қаулының қосымшасында көрсетілген тауарларды биржа тауарларының ішкі және сыртқы рыноктарында сату Қазақстан Республикасының тауар биржаларында контрактілер жасау немесе оларды тіркеу жолымен жүзеге асырылады. Бұл ретте биржалық тауарлар бойынша қосымшада көрсетілген ең аз мөлшерінен асатын қолемде биржадан тыс жасалған мәмілелер Қазақстан Республикасының тауар биржаларында міндетті тіркелуге жатады;

тауар өндірушілердің қалауына қарай тауар биржаларында сатуға осы қаулының қосымшасында көрсетілмеген өзге де өнім шығарылуы мүмкін деп белгіленсін.

2. Өнімді, оның ішінде стратегиялық жағынан маңызды өнімді экспорттауға ұзақ мерзімді не біржолғы лицензиясы бар тауар өндірушілер мен шаруашылық жүргізуши субъектілер оны республиканың тауар биржаларында сата алады.

3. Бюджетке келетін салық түсімдерін көбейту мақсатында биржаларда жасалған барлық мәмілелер тіркеледі.

Кеден органдары тауар биржаларында сатылатын тауарларды олардың сатып алу-сату жөніндегі мәмілесі республиканың тауар биржаларында жасалып, тіркелген жағдайда, ал лицензиялауға жататын тауарларды - лицензиясы болған жағдайда ғана Қазақстан Республикасынан тысқары шығаратын болсын.

4. Тауар биржаларының қызметі үшін алынатын биржалық комиссиялық алымдардың және контрактілерді тіркегені үшін алынатын алымдардың

ставкалары қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгіленеді.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы республиканың банкілері мен биржаларына өткізіп отырған өнімді сатып алу-сату операцияларының заңға сәйкес жүргізілуіне жүйелі түрде тексеру жүргізіп отырсын.

6. Қазақстанның халықаралық агрономикалық биржасы биржадағы бағаларды, сатуға қойылатын тауарлардың тізбесі мен олардың бастапқы бағаларын республикалық баспасөзде ұдайы жарияладап отырсын.

7. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті 1995 жылдың 1 қаңтарынан бастап тоқсан сайын сатылған тауардың номенклатурасы мен көлемін, сату бағасын, сатып алушының атауы мен тауар жөнелтілетін елдің атын көрсете отырып биржалық сауда туралы статистикалық есеп беріп отырсын. Бұған қоса, статистикалық деректер республиканың биржаларында сатылған тауардың жалпы көлемі туралы мәліметтер білдіруге тиіс.

Республиканың биржалары мен Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігінің Бас кеден басқармасы Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің органдарына қажетті ақпарат беріп тұрсын.

8. Осы қаулыны жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасында жұмыс істеп отырған тауар биржаларына 2 ай мерзімде облыстарда еншілес кәсіпорындар құру ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі  
Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 25 қаңтардағы  
N 89 қаулысына  
Қосымша

Қазақстан Республикасының тауар биржаларында  
тіркелетін биржалық тауарлардың  
ТІЗБЕСІ

<\*>

Ескерту. Тізбе жаңа кодтармен толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.03.18.  
N 301 қаулысымен.

---

Таярлардың қысқаша	Сыртқы экономикалық
атавы	кызметтің тауар   Бір партиясының
	номенклатурасының   ең аз мөлшері
коды	

---

Аккумуляторлар	8507	500 дана
Автошиналар	4011	500 дана
Цемент	2523	1 вагон
Қара металл прокаты	7208-7212	200 т
Көмір, оның ішінде		
кокстелетін көмір	2701	10 вагон
Ұн	1101, 1102	1 вагон
Ет	0201-0205	1 вагон
Шикі мұнайдың (газ конденсатын ТН ВЭД 2709, қоса) және оны өндеу	271000330,	
өнімдерінің		
<*>		
271000350,		
271000510,		
271000690,		
271000790		
Түсті металдардың, прокат	ТН ВЭД 7401-7403,	
және олардан жасалған	7604, 7801, 7803,	
бүйімдардың		
<*>		
7901, 7904, 7905,		
8104		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК